

Бекітемін
05.06.2026 ж.
Трайц

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

«Заң мен Тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша іс-шара
жоспарынан

Балалардың түрлі мамандық иелері ата-аналармен кездесуі

Жауапты: С.Копжасарова

Балалардың түрлі мамандық иелері ата-аналармен кездесуі.

Балаларға мамандық таңдауды үйрету және олардың әртүрлі мамандық иелерімен, соның ішінде өз ата-аналарымен кездесуін ұйымдастыру — балалардың дүниетанымын кеңейтіп, саналы таңдау жасауына көмектесетін өте тиімді тәсіл ретінде пайдалана білу.

1. Кәсіби шеберлік сағаты:

Әр түрлі салада жұмыс істейтін ата-аналар (дәрігер, құрылысшы, IT маманы, ұстаз, т.б.) топқа келіп, өз мамандығының қыр-сырымен бөліседі. Олар өздерінің күнделікті жұмысын, мақтанышы мен қиындықтарын қызықты әңгімелеп береді.

2. «Менің сүйікті мамандығым» тақырыптық жобасы: ата-аналар өздерінің жұмысы туралы зерттеу жасап, сурет салып немесе шағын бейнеролик (презентация) дайындап, өздері қорғайды. Бұл ата-ананың өз жұмысына деген сүйіспеншілігін арттырып, адал еңбектің нанын құрметтеуге үйретеді.

3. Интерактивті сұрақ-жауап және ойын:

Ата-аналарға өз кәсібіне қатысты шағын жұмбақтар ұйымдастырылады. Мамандыққа байланысты жұмбақтың шешімін табады.

Айдында жүзеді,
Тірі күміс сүзеді.
(Балықшы)

Алатаяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған,
Өмірінді күзеткен,
Ысқырығы күшті адам.
(Милиционер)

Өнерге тән жаратқан,
Көкірегі кең аспан.
Барша жұртты қаратқан,
Бейнегер кім тым асқан?
(Қылқалам шебері)

Маңдайға жағып шырақты,
Лавалардан тұрақты.
Ағызып отын өзенін,
Жылытқан кім өз елін?
(Шахтер)

Адамның жүзін,
Басы мен көзін.
Айнытпай келбетін,
Салатын кім суретін?
(Суретші)

Жасыл желек көгалда,
Бірде артқа,
Бірде алға,
Желаяқ көп бала,
Таласып жүр бір шарға.
(Футболшылар)

Жолының көп азабы,
Сондадағы тынбайды.
Жаналықты жазады,
Көпшілікті тыңдайды.
(Журналист)

Кең байтақ туған жеріме,
Кетпесін деп жат із өтіп.
Тыныштық тілеп еліме,
Отанды кім тұр күзетіп?
(Альпинист)

Айлар бойы жүзеді,
Жерді көрмей жүреді.
Ақ жал таумен алысқан,
Адамды кім біледі?
(Теңізші)

Төл өсіріп момақан,
Уыз ішкен қоймалжың,
Білсең айтшы, балақан,
Еңбегі зейнет қай малшы?
(Қойшы)

Тұлғалы кең иығы,
Мұнара оның тұрағы,
Маң далада бұйығы,
Сөнбей жанса шырағы,
Жер астының сұйығы
Фонтан болып шығады.
(Мұнайшы)

Ол жетсе ауылға,
Самсар жұлдыз торабы,
Нұр шашып тұрады.
(Электрші)

Күміс қанат, сұңқары,
Көкке еркін сұңгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Кеткен жанды кім дейді?
(Ұшқыш)

Өрнектеп, сәндеп,
Тігістерін бүгетін.
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін?
(Тігінші)

Әр келген ата-ана өз мамандығы бойынша ой қозғап айтып өтеді.

Мұндай іс-шаралар адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілікті оятады. Мамандық таңдаудағы ата-ана мен бала арасындағы осындай ашық диалогтар отбасылық байланысты нығайта түседі.

Адам сөзсіз өз жолын таңдау керек: мамандық, жұмыс, өмір салты. Баланы таңдау құқығынан айыратын ата-аналар, оған тек өз шешімін айтады, балаға зиян келтіру қауіпі бар. Адамға қызықты емес мамандықты алу үшін қандай күш қажет екенін елестету қиын.

Ата-аналар балаға ұсыныстар мен кеңестер бере алады, тәжірибе алмасады, ұсына алады. Бірақ олардың өз таңдауындағы мамандыққа ие болуына ата-ана қарсы болмауы керек.

- Баланың өз қалауымен, мамандық таңдауына мүмкіндік беру;
- Баланың өзі таңдаған мамандықтың пайдасы мен кері әсерлерін бірлесіп шешуге тырысу;
- Болашақ мамандықты таңдау кезінде материалдық жағынан пайдасы мол мамандықтарды ғана емес, сонымен қатар моральдық сезімдерді қанағаттандыратын мамандықтарды да қарастыру;
- Егер баланың тілегі мен шыдамы бойды алып бара жатса, көмек беріп, әңгімелесу;
- Мамандық таңдау кезінде баланы эмоционалдық қысымға алмау;

Қорытынды:

Ең бастысы мамандық таңдау-баланың өз мамандығына деген қарым-қатынасы мен өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ . Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан,соңғы шешімді баланың өзі қабылдайды және одан арғы жауапкершілікті де өз мойнына алады. Әр мамандық өзінше тартымды,өзінше ерекше,қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін ата-аналар өздерінің ақыл – кеңестерін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді.